



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

**Терроризм актінің қауіпі туынадаған
немесе терроризм акті жасалған
жағдайдағы әрекеттер туралы**

ЖАДЫНАМА

ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТЕЛЕФОН НОМЕРЛЕРІ

Бірыңғай кезекші- диспетчерлік қызметі	Полиция	Терроризмге қарсы «Қауырт желі»	Жедел медицина- лық жәрдем
112	102	110	103



ПОЛИЦИЯНЫ ТЕРРОРИСТІК АКТІНІҢ ҚАУПИ ТУРАЛЫ ДҰРЫС ХАБАРДАР ЕТУ ЕРЕЖЕСІ !

Сіздің әрекеттеріңіз қылмыскерден келіп түскен хабарлау
немесе терроризм акті туралы көрінеу жалған хабарлау
ретінде бағаланбау үшін -

**ПОЛИЦИЯҒА ХАБАРЛАСҚАН КЕЗДЕ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ӨЗІҢІЗДІҢ
АТЫ-ЖӨНІҢІЗДІ АТАҢЫЗ ЖӘНЕ ОҚИҒАНЫҢ БАРЛЫҚ МӘН-
ЖАЙЫН АЙТЫП БЕРІҢІЗ**



СІЗГЕ ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ ҚОРҚЫТУ КЕЛІП ТҮССЕ


- әңгімелесудің нақты мазмұнын есте сақтаңыз
- сөйлеу мәнерін, дауыс ерекшеліктерін, өзгеше сөздер мен сөз орамдарын белгілеңіз
- әңгімелесуді таспаға жазып алуға тырысыңыз
- тұтқаны қоймай тұрып, телефон номерін жазып алыңыз
- **Полицияға дереу хабарласыңыз!**



ЕГЕР

ТЕРРОРИЗМ АКТІСІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА КЕЛІП ТҮССЕ

- шұғыл эвакуацияға дайындалыңыз
- сөмкеге құжаттарды, ақшаны, аздап азық-түлік салыңыз
- дәрі-дәрмектер жиынтығын дайындап қойыңыз
- балконнан жаңғыш және оңай тұтанғыш заттарды алып тастаңыз
- радио мен теледидарды қосып қойыңыз
- адамдар көп жиналған жерлерге бармаңыз
- жедел қызметтердің және қажет телефон номерлерін жаныңызда ұстаңыз



Эвакуация туралы ақпарат келіп түскен жағдайда



- сабырлық сақтаңыз
- құқық қорғау органдарының нұсқауларын орындаңыз
- нақты, асығыстықсыз және әбігерсіз ғимараттан шығыңыз
- киініп, бөгеліп қалған әріптестеріңізге көмектесіңіз
- газды, суды, электр қуатын өшіріңіз
- ғимараттан алысырақ болыңыз
- шыққан адамдарды түгендеңіз
- куәлардың орнында болуын қамтамасыз етіңіз



ЕГЕР

сіз көлікте, көшеде, аялдамада, пәтерде, басқа қоғамдық орында белгісіз, иесіз, сезікті зат, қорап немесе сөмке, портфель тауып алсаңыз:

- оған тиіспеңіз, ұстамаңыз, ашпаңыз
- қасына жақындамаңыз, жылжытпаңыз
- оның жанында ұялы телефон, рация қолданбаңыз, от жақпаңыз
- сезікті затқа сұйқты құймаңыз, ұнтақ төкпеңіз
- сізікті затты мүмкін болса қоршаңыз
- зат табылған уақытты еске сақтаңыз
- полицияға «102» телефонына хабарлаңыз

Балалар! - қасыңыздағы жасы үлкен адамға (ата-анаңа, мұғалімге, полиция қызметкеріне) хабарлаңыз



ЖАРЫЛҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

- Антенна
- Сағат тетігінің дыбысы
- Сыртқа шығып тұрған әртүрлі сымдар
- Батареялар
- Оқшаулағыш таспа
- Иесі жоқ заттар



**ЖАРЫЛҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАР КӨБІНЕСЕ
МЫНАДАЙ ЗАТТАРҒА ЖАСЫРЫЛАДЫ**



ЖАРЫЛҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАР ОРНАТЫЛУЫ МҮМКІН ОРЫНДАР

- Қоғамдық орындар
- Базарлар
- Қоғамдық көлік аялдамалары
- Дүкендер, сауда және ойын-сауық орталықтары
- Алаңдар және саябақтар
- Көлік құралдары



Қандай да болса оқиға орын алған жағдайда дүрбелеңге бой алдырмаңыз !



СІЗГЕ ХАТ АРҚЫЛЫ ҚОРҚЫТУ КЕЛІП ТҮССЕ

- келіп түскен хатты абайлап ұстаңыз, қағазды, конвертті бүлдіріп алмаңыз
- хат пен конвертті таза, полиэтилен пакетіне салып, мықты папкаға салыңыз
- құжатта өзіңіздің саусақтарыңыздың іздерін қалдырмаңыз
- конверттің тек сол немесе оң жағындағы жиегін абайлап кесіп ашыңыз
- **Полицияға дереу хабарласыңыз!**



ЕГЕР


КӨШЕДЕ ТЕРРОРИЗМ АКТІСІ ОРЫН АЛСА

- жарылыс болған жерге бармаңыз
- оқиға болған жерден аулақ жүріңіз
- ғимараттың бұрышына жасырыныңыз
- дереу жерге жатыңыз, басыңызды қолмен жабыңыз
- «102» телефонына полицияға хабарлаңыз
- зардап шеккендерді құтқарыңыз
- бағаналардың, электр желілерінің құлауынан абайлаңыз
- көп қабатты ғимараттардан аулақ болыңыз



Адамдар көп жиналатын орындағы жүріп-тұру мінез-құлқы

- жиын топтан аулақ жүріңіз
- жалғыз жүруге тырысыңыз
- ілініп немесе тұншығып қалмау үшін мойындағы галстукті (шарфты, орамалды және т.б.) шешіңіз
- керегі жоқ заттарды тастаңыз
- шынтақтарыңызды бүгіп, қолдарыңызды денеге қысып ұстаңыз
- киіміңіздің барлық түймелерін салыңыз
- жиын топқа қарсы жүрмеңіз
- құлап қалсаңыз тез арада тұруға тырысыңыз



ЕГЕР

ҒИМАРАТТА ТЕРРОРИЗМ АКТИСІ ОРЫН АЛСА

- дереу еденге жатыңыз, басыңызды бүркеңіз
- терезелерден, шкафтар мен сөрелерден аулақ болыңыз
- жүгірмеңіз, лифтіні пайдаланбаңыз
- әйнекпен қапталған қабырғадан аулақ болыңыз
- есік ойығына, көтергіш қабырғаға жақын болыңыз





Егер сіз тұрған ғимаратта жарылыс болса, абайлап жүріңіз, зақымдалған құрылымдар мен сымдарға қол тигізбеңіз

Өрт шыққан жағдайдағы іс-әрекеттеріңіз !

101


- суланған мата арқылы дем алыңыз
- киіміңізді сулаңыз немесе суланған матаны жамылып алыңыз
- ғимараттан тез шығуға тырысыңыз
- еденге жақын еңкейіп немесе еңбектеп жүріңіз
- лифтіні пайдаланбаңыз
- ғимараттан шыға алмасаңыз, терезелерді ашып белгі беріңіз



ЕГЕР

Сіз атыс қарудың дыбысын естісеңіз

- терезеге, есікке жақындамаңыз, алдында тұрмаңыз
- атыс дыбысы естілген көшеге қарайтын бөлмеге кірмеңіз
- «102» телефонына полицияға хабарлаңыз
- бөтен адамдарға есік ашпаңыз
- көшеге шықпаңыз



АДАМДАРДЫ КЕПІЛГЕ АЛҒАН ЖАҒДАЙДА

- дүрбелеңге бой алдырмаңыз,
- айғайламаңыз
- ашуланбаңыз,
- барынша сабырлық сақтаңыз
- өзіңіз келіссөз жүргізбеңіз
- қылмыскерлерге өшпенділік танытпаңыз
- қастарыңыздағы адамдарға көмек көрсетіңіз
- мүмкін болған жағдайда полиция хабарлаңыз
- толық сеніміңіз болмаса қашуға тырыспаңыз



ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!
Сізді міндетті түрде құтқарады!

ҚЫЛМЫСКЕР СІЗДІ КЕПІЛГЕ АЛСА



ҚАРСЫЛЫҚ БІЛДІРМЕҢІЗ
БАРЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ
ОРЫНДАҢЫЗ



КЕЛІССӨЗГЕ
АРАЛАСПАҢЫЗ,
ОНЫ ӨЗІҢІЗ
ЖҮРГІЗБЕҢІЗ



ТОЛЫҚ СЕНИМІҢІЗ
БОЛМАСА,
ҚАШУҒА ТЫРЫСПАҢЫЗ



ТЕРРОРИСТЕР ТУРАЛЫ КӨП НӘРСЕНІ
ЕСТЕ САҚТАУҒА ТЫРЫСЫҢЫЗ:
ОЛАРДЫҢ САНЫ, ҚАРУЛАРЫ, ДЕНЕ БІТІМДЕРІ,
МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ, АҚЦЕНТІ, СӨЙЛЕУ МӘНЕРІ
ЖӘНЕ Т.Б.

ШАБУЫЛДЫҢ БАСТАЛУ БЕЛГІЛЕРІ:

- КЕНЕТТЕН ПАЙДА БОЛҒАН ДЫБЫСТАР (ЖАРЫЛЫС, ДАБЫЛ, СИРЕНА)
- КЕЛІССӨЗ БАРЫСЫНДА СОЗЫЛЫП КЕТКЕН ІРКЕЛІС



ШАБУЫЛ БАСТАЛҒАН ЖАҒДАЙДА ТЕРЕЗЕЛЕРДЕН,
ЕСІКТЕРДЕН ҚАШЫҚ БОЛУҒА ТЫРЫСЫҢЫЗ,
ҚОЛЫҢЫЗДЫ ЖЕЛКЕҢІЗДЕ ҰСТАП ЖЕРГЕ ЖАТЫҢЫЗ
НЕМЕСЕ ОТЫРЫҢЫЗ, ҚОЛЫҢЫЗДА
ЕШҚАНДАЙ ЗАТ БОЛМАУЫ ТИІС

Арнайы операция басталған жағдайда



- бетіңізді төмен қаратып, еденге жатыңыз
- қолдарыңызды желкеңізге салыңыз
- арнайы жасақ (спецназ) қызметкерлеріне қарсы жүгірмеңіз
- терезелерге, есіктерге жақындамаңыз
- қылмыскерлердің қаруын қолыңызға алмаңыз





Кепілдіктен босатылғаннан кейін не істеу керек ?

- Әдетте адамдар босатылғаннан кейін есеңгіреп қалады және бұл қалыпты жағдай.
- Медициналық және психологиялық көмек көрсетуден бас тартпаңыз.
- Үйге жүгірмеңіз - бұл адамның табиғи реакциясы, бірақ егер сіз уақытында білікті көмек алсаңыз, сіз әлдеқайда жақсы боласыз.
- Сондай-ақ, кепілге алынған адамдарды босату штабында неғұрлым тезірек тіркелсеңіз, туыстарыңыз Сіздің аман қалғаныңызды тезірек біледі.
- Қызметкерлердің барлық сұрақтарына мүмкіндігінше тезірек, нақты, қисынды және дәлелді жауап беруі керек.
- Көрген барлық ұсақ-түйектерді атап өтуге тырысыңыз: мүмкін бұл баға жетпес ақпарат болуы мүмкін.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
РАҚМЕТ !**